

**Тіл таба білу өнері
Тіл табысуға қажетті
коммуникативтік
дағдылар**

Іскерлік әңгімелер мен келіссөздерді жүргізе білу, әріптестермен тиімді қарым-қатынас орнату, қол астындағы ұжымды басқаруда олармен тіл табыса білу –жүргізіліп жатқан істің табысты болуының кепілі.

Белгілі американдық миллионер Дж.Д. Рокфеллер: “Адамдармен тіл таба білу-бұл да тауар, сондықтан барлық нәрседен гөрі, тіл табысуға мен бәрінен қымбат төлеймін” -деген

Қарым-қатынас жасау құралдары үлкен екі топқа бөлінеді:

Тіл – дыбыстау құралдары (сөз, сөйлеу)

Тілге көмекші құралдар (ымдау, ишарат, көзқарас, қол алысу, дене қимылдары)

Адамдармен тіл табыса білудің құпиясы - әңгімелесушіні белгілі бір ортада лайықты орны бар екендігіне сендіре білуінде.

Ескерерлік жағдай - әңгіме кезінде әріптесіңнің жақсы қасиеттерін жоғары бағалайтыныңды аңғартып қою өте маңызды. Егер әріптесің оның жақсы жақтарын сенің бағалайтыныңды түсінсе, онымен тіл табысу да жеңіл болады.

Әңгіме барысында әріптесіңмен сен келіспейтін де пікірлер болады. Егер әріптесіңнің пікірі дұрыс болмаса, ишарат, ой арқылы, дауыс интонациясы арқылы оның дұрыс еместігін түсінуге мүмкіндік беру керек. Ал оның дұрыс еместігін бірден кесіп айтсаң, оның көңіліне келіп, өз пікірін одан әрі дәлелдеуге тырысады. Мұндай да мынадай сөз оралымдарын қолданған орынды. “Мен осылай ойлап едім, мүмкін қателескен шығармын”, “Меніңше, бұл мәселені былай шешуге болатын сияқты”

Ұлы данышпан Сократтың “Мен өзімнің ештеңе білмейтінімді ғана білемін”, - деген сөзін әрбір іскер адамның есте сақтағаны абзал.

Адамдармен тіл табысып, олардың жүрегіне жол табу үшін мына қағидаларды есте сақтаған жөн:

1. Әр адамды әр уақытта өз проблемасы толғандырады. Кімде-кім өз әріптесінің проблемасына көңіл бөлсе, ол әрқашанда жақсы әңгімелесуші болады. Сондықтан әріптесіңе өзіңді толғандырып жүрген мәселелерді айтпас бұрын, оны толғандыратын, қызықтыратын нәрселер жайлы әңгімелескен дұрыс.
2. Әдемі күлкі, әдемі жымию-іскерлік әлеміндегі ең қажетті қасиеттердің бірі. “Жымия білмеген адамға көшеде дүкен ашудың қажеті жоқ”, - дейді қытай мақалы. Адамдармен тіл табысудың тағы бір кілті-жылы қабақ таныту, жымия білу.
3. Әріптестердің атын есте сақтау, жұмыс барысында оның атын жиі айтып отыру, оған жақсы әсер қалдырады.
4. Әріптесіңді өзі туралы, оның жетістіктері туралы жалпы әңгімеге тарту-тіл табысудың ең оңай жолы. Әңгімелесушінің өзі туралы жалпы айтқандарын тыңдай білу – ең пайдалы өнер
5. Әріптестеріңмен оны қызықтыратын нәрселер жайлы әңгіме қозғау-онымен тіл табысудың ең сенімді тәсілдерінің бірі. Бұл үшін әңгімелесетін адамның нені жақсы көретінін, оны не қызықтыратынын, нені жақсы көретінін ортақ таныстарың арқылы біліп алу қажет.

Мәнерлі сөздің мәнін ұқ

7- жаттығу 1) Мақалдарды жаттап алыңдар.

2) Қызылмен жазылған сөздерді жоғарыдағы үлгі бойынша жазбаша талдаңдар.

3) Тілге байланысты білетін мақал-мәтелдерді еске түсіріңдер, дәптерлеріңе жазыңдар.

1. Тіл-буынсыз, ой-түпсіз.
2. Өзен тауымен көрікті,
Өріс малымен көрікті.
3. Көп ішінде сөйлеген-
Көсемдіктің белгісі.
Көпке сөзге ұнаған-
Шешендіктің белгісі.
4. Адамның өзі жетпеген жерге, сөзі жетеді.
5. Сөз қадірін білмеген,
Өз қадірін білмейді.
6. Тамақты асығып ішпе, түйілерсің,
Сөзді асығып сөйлеме, күйінерсің.
7. Кішіпейілдік –кішілік емес, кісілік

Даналық сөзден дән ізде

6 -жаттығу.

*Іскерлік, еліктегіш,
бейімдеуші* деген сөздерге үлгі
бойынша фонологиялық талдау
жасау.

9- жаттығу.

1. Мәтіннің мазмұнына өз ойларыңды қосып әңгімелеңдер.
2. Ана тіліне байланысты тағы-қандай ақын –жазушылардың шығармаларын білесіңдер. Мазмұндап айтыңдар.
3. Ана тілі туралы ой толғаңдар

Алтын сандық

Сенің ана тілің бай,тегеуріні мықты тіл,қымбатты балам!

Ең жақсы бала-ана тілін құрметтеген ұл мен қыз. Бұл сенің басқа тілді меңгеруіңе бөгет болмайды, қайта сені адамгершілікке, шын патриот болуға жетелейді. Өмірдің алмастай қырын,абзал сырын түсіне білуіңе басты себепкер-сол ана тілің!

Ана тілдің бүге-шігесіне, терең иірімдеріне бойлай білу-саналы азамат болғысы келетін жас адамның бірінші парызы. Ол-туған жеріңді, еліңді, Отаныңды,атамекеніңді сүйе білу деген сөз. Кім ана тілін айрықша бағаламайды дейсің, ал қазақ халқы бұған ерекше назар салған ғой. “Ойнап айтсаң да,ойлап айт,күліп айтсаң да,біліп айт, әзіл айтсаң да әділін айт”, “Бұл сөзді сатып алдым құнан нарға”, “Ақылың болса, сөз тыңда” деп отырады ғой аталарың.

Ана тілдің байлығын пайдалана алмаған адам-пақыр, күлкіге ұшырайтын жан.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. “Тіл табыса білу” ұғымын қалай түсінесіңдер?
2. Тіл табысуға қажетті құралдар?
3. Тілдің көмекші құралдарына не жатады?
4. Тіл табысуға қажетті қандай қағидаларды білесіңдер?
5. Әңгіме барысында қандай тіркестерді қолдануға болмайды?
6. Қандай сөз орамдарын қолданған тиімді?

Үй тапсырмасы: 8- жаттығу

Даналық сөзден дән ізде

- 1. Көшіріп жазып сөйлем мүшелеріне талдаңдар.*
- 2. Адамның қандай қасиеттері өзгелермен тіл табысуға игі ықпалын тигізеді деп ойлайсыңдар?*
- 3. Даналық сөздерге сүйеніп, өз тұжырымдамаларыңды жазыңдар*